

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02  
ББК 74.00

ӘОЖ 373:21:394.2(574.2)

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Успанова Айнура Оразбековна  
меңгеруші  
№13 бөбекжайы

Молдахметова Гульнар Муратовна  
тәрбиеші  
№11 бөбекжайы

Қостанай қ., Қазақстан

### Аңдатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың өміріне ұлттық ойындардың маңызды қажетті құрал екені ашылды. Балалардың ұлттық ойындар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде қалыптасуына, машықтануына басты назар аударылды. Ұлттық ойын арқылы балаларының қызметіндегі психикалық процесті белсенді қызығушылықтарын арттырып, өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

**Түйінді сөздер:** Ұлттық ойындар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарымызды үнемі дәріптеу.

### Аннотация

В статье раскрыто, что национальные игры являются важным необходимым инструментом в жизни дошкольников. Основное внимание было уделено формированию, обучению детей дошкольников здоровому образу жизни на основе национальных игр. Привить умственный процесс в деятельности своих детей через национальную игру к самообразованию, повышая их активный интерес и повышая уровень самообразования.

**Ключевые слова:** воспитание детей дошкольного возраста к здоровому образу жизни на основе национальных игр и постоянное популяризация наших национальных ценностей.

### Abstract

The article reveals that national games are an important necessary tool in the life of preschoolers. The main attention was paid to the formation and teaching of preschool children a healthy lifestyle based on national games. To instill the mental process in their children's activities through the national game of self-education, increasing their active interest and increasing the level of self-education.

**Key words:** the birth of children on the fourth wave for the Health image of life on the basis of National Education and subsequent popularization of our national values.

Өскелең жас ұрпақты рухани–адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Тәрбие–ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұрпағымызға қадір қасиет, ар–намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Осы орайда өзім тәрбиешілік етіп отырған бүлдіршіндерімізді ұлттық мұраны қастерлеуге, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу болмақ.

Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтына тәрбиелеуде басты фактор оның қимыл–қозғалыс әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты. Ұйымдастырылған қозғалыстар аз болса да балаларда гиподинамия немесе бұлшық ет қозғалыс белсенділігі төмендейді.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға тән осы мүмкіндікті пайдалана отырып, олардың салауатты өмір салтының дұрыс қалыптасуына ұтымды құрал ретінде ұлттық ойындарды қолдану қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып, ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу, бір сөзбен айтқанда кішкентай бүлдіршіндердің ұлттық рухы бойында мәңгі қалатындай ұлттық құндылықтарымызды үнемі дәріптеп отыруымыз қажет [1]. Осы орайда ұлттық ойындарды басты құрал ретінде қарастыра отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуге баса назар аудардық. Халқымыз ұлттық ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі–өнегенің желісі бар. Ұлттық ойындар ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты т.б. мінез–құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш–қуат молдылығын, білек күшін, дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатынаспай тұрып–ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді [3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс–әрекеті ойын болғандықтан ойын арқылы балалардың денсаулықтарын нығайтуға тәрбиелеудің маңызы зор. Ұлттық ойындар – салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Ұлттық ойындар – ойын әрекеттері мәдениеттің жай ғана бір түрі емес, сонымен қатар балалар мен болашақ ұрпақты тәрбиелеудің аса тиімді құралы болып табылады.

Ұлттық ойындар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу бағыты қимыл–қозғалыс ойындары, мысалы «Асық ату», «Ханталапай», «Ләңгі», «Шыт тастау», «Бес тас», «Соқыр теке» қазақ халқының ежелгі ұлттық ойындары бала денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, батылдыққа, ептілікке, төзімділікке, дер кезінде тез ойланып, тиімді амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, тері түйсіктері жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі ұйымдастырылған ісшаралар негізінде жетілдіріп отырамыз. Мысалы, баланың иіс түйсігін дамытуда ұлттық тағамдардың, жемістердің иістерін иіскеу арқылы ажырату арқылы, дәм түйсігін тағамдардың дәмін тату арқылы ажырата білуге үйретеміз. Тері түйсігін дамытуда заттарды сипап көру арқылы тануға көңіл бөлеміз. Баланың тері түйсігін дамыта отырып, дене және қол саусақтарының ірі және ұсақ бұлшық еттерін жетілдіреміз. Бұл баланың дене және психологиялық жағынан дамуына көмектесетінің ерекше ықпал ететіні анықталған. Фольклортанушы ғылым Диваев Ө.»Қазақ балаларының ойыны» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес жастан жиырма жас аралығындағы жастар...» Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, кіші топтағы балаларға лайықты: «Санамақ», «Тәй–тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Ақ серек–көк серек» т.б ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ», «Тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге», «Көкпар», «Асық», «Хан талапай», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Орамал тастамақ», «Ақсүйек», «Күрес» т.б ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тапқырлықтарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады [5].

Балабақшаның тәрбие мен оқыту жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарын қолданылды: Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындарға асық ойындары

жатады. Асық ойындарды балалардың жан–жақты дамуына тигізер әсері мол. Ата–аналарға асық ойындарының баланың саусақ бұлшық еттерін дамытуда, есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін дамытудағы маңызы түсіндірілді. Балабақша ішілік және қалалық сайыстарға малдың асығынан құрылған ойындарға «Ханталапай», «Асық шерту» табиғи тастар ойыны «Бестемше» ұлттық ойындарына белсене қатысты. Балабақшада ата–аналармен асық жинау акциясы жүргізілді.

Сан алауан ұлттық ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуге күш–жігерін жұмсай білетін төзімділікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Заман өзгерген сайын адам баласының басынан өткендері баланың ойынында көрініс табатынына ешкім де шек келтірмес. Ең бастысы ойын барысында баланы жанжақты ойлануға, өзгелердің пікірімен санасуға, ортақ тіл табысып, тез арада шешім қабылдауға, ойынды шыншыл ойнауға, адал болуға, жалған сөйлемеуге, жанашырлыққа, кешірімді болуға баулу қажет. Тәрбиеші балалардың физиологиялық, психологиялық, ерекшеліктерін есте ұстап, ұлттық қозғалыс ойындарын балабақша өмірінде жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра білгені жөн. Ойын жас ерекшеліктеріне сай келмесе, кері әсерін тигізуі мүмкін. Ойын балаларының қызметіндегі психикалық процесті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін, елестету, ес, ықыласын, тілін) белсендіреді [4]. Ойын ерікті түрде құрылады. Ойын шығармашылық қабілетті дамыту үшін барынша мүмкін жағдай жасайды. Ойын барысында балалар қанағаттанарлық, қуаныш алады. Ойын кез келген оқу материалын еліктіретіндей, қызықтыратындай жағдайға әкелуге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балаларға білім мен тәрбие беру мәселесіне қатысты қазақтың ұлттық ойындарын қолдану бағыттары:

- танымдық яғни, білім беру;
- дене шынықтыру;
- арнайы ойын ойнатып оны ұйымдастыру кезінде;
- сергіту сәттерінде. Балаға бір ойынның алдына қоятын мақсаттары айтыла

отырып, ойын ережесі түсіндіріледі. Сондай–ақ пайдаланылатын құрал жабдықтар айтылады. Халық ойындары қарапайым заттар мен ойнала береді. Олай болса дидактикалық құралдарын даярлау онша күрделі емес, оны әрбір тәрбиеші дайындай алады. Ойын таным әдістері мен бірге іскерлікке, тапқырлыққа, жігерлікке, белсенділікке, әділдікке тәрбиелеу мен бірге санауға, өлшеуге, топтауға, біріктіруге т.б үйретеді. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында немесе оқу қызметінен тыс уақытта баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары – жас ұрпақтың қалыптасып өсіп–өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты деп білеміз.

Ойынға баланың қызығушылығын туғызу үшін ойынды өмірмен ұштастыра отырып, оның керектігін сезінетіндей етіп таңдап алу қажет. Ұлттық ойындарды оқыту мен тәрбие құралы ретінде пайдалануда төмендегі талаптарды ескерген жөн:

- Тәрбиеші ұлттық ойындардың бірнеше түрін білуі тиіс.
- Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығу–шылығына байланысты іріктей білу;
- Барлық ойындардың тәрбиелік мақсатын анықтап білу;
- Ойын ережесін жете білу балаларға түсінікті етіп жеткізу;
- Ойын барысында ереженің сақталуын қадағалау;
- Ойынға қажетті құралдарды даярлау. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.

Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни үш кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

- ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмысы;

- ойынның басталуы мен ойналу барысы;
- ойынның аяқталуы.

Дене шынықтыру оқу қызметі мазмұны негізінен қимылды ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл–қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл–ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бірбірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі. Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- ойынға қатысушылар бір–бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты: – ұлттық ойындарды дене шынықтыру, оқу қызметтерінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

- қазақ халқының ерлік–жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін–өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ойын ұйымдастыру жағынан қарапайым болғанымен, көбірек кеңесті талап етеді. Әрбір мектепке дейінгі тәрбие беретін мекеме – мемлекеттің шағын бөлшегі. Ал әрбір бала – қоғамның дербес мүшесі. Еліміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан– жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан патриот ұрпақ тәрбиелеу үшін «Ұлттық ойындардың» маңы зор. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға, ұрпақтан–ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделген. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады.

Ұлттық ойындар – ата–бабамыздан жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А. Сухомолинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл–ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты». Міне, ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат беретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл–ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпіз [3].

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата–аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОАМ»Біртұтас тәрбие»бағдарламасы Астана, 2024. – 85 б.
2. ҚРБЖҒМ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2016 ж. 12 тамыз
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы «Рауан», 1991. – 176 б.
4. Оразақын А. Ұлттық ойындар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 40 б.
5. Республикалық ғылыми–ақпараттық әдістемелік журнал. – Дана бала. –№1 (21), 2020

2 СЕКЦИЯ

<b>Гималетдинова Умут Асыгатовна, Есенова Кинжекуль Омаровна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды баулу аспектілері	<b>1096</b>
<b>Данченко Татьяна Владимировна, Жиенбаева Алёна Владимировна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1100</b>
<b>Дильдибекова Гульнара Айсәевна, Койшина Айман Мухамеджановна</b>	Образовательный терренкур «Экотайм» как одно из условий развития экологических дошкольников	<b>1104</b>
<b>Досмаилова Светлана Султановна, Нургазина Айгерим Жумагазиевна</b>	Сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің құндылықтарын жүзеге асыру негіздері	<b>1109</b>
<b>Едревская Людмила Валерьевна</b>	Воспитание активного читателя на примерах взаимосвязи литературных произведений как средство реализации Национального проекта «Балалар кітапханасы»	<b>1113</b>
<b>Елдос Анар Нұрлыбекқызы</b>	History of formation of official business style in the Kazakh language	<b>1117</b>
<b>Ерекин Айдын Муратович, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жан –жақты тұла қалыптастырудың негізі	<b>1120</b>
<b>Еришова Асыл Аубакировна</b>	Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің сабақтастығы	<b>1123</b>
<b>Есенова Эльмира Есмагуловна, Хусайнова Жузира Мусиновна</b>	Биология пәнінің тәлім –тәрбие берудегі рөлі	<b>1127</b>
<b>Жайворонко Ирина Алексеевна, Ткач Надежда Алексеевна</b>	Программа «БіртұтасТәрбие»: новые подходы и ценности воспитания в современной школе	<b>1130</b>
<b>Жандауова Шолпан Еркиновна, Братышева Мария Владимировна</b>	Использование информационных технологий на уроках математики как один из путей преодоления проблемы «клипового мышления» обучаемых	<b>1135</b>
<b>Жумаева Алтын Сагингалиевна, Сәлімжан Аңсағаным Сәлімжанқызы</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын енгізе оқытудың әдістері	<b>1141</b>
<b>Жунусова Гулбаршын Кабылжановна, Зарлыханова Алмагуль Адильбековна</b>	Жаңаша білім беру үрдісінде біртұтас тәрбиенің рөлі	<b>1145</b>
<b>Жунусова Марина Яковлевна</b>	Патриотическое воспитание в современной школе в рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1151</b>
<b>Заманбекова Алия Заманбековна</b>	Білім беру ұйымдарындағы оқу–тәрбие үдерісінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары	<b>1156</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Злая Элина Владимировна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Utaigra – универсальный учебный ресурс, как средство формирования познавательного интереса к учебной деятельности	<b>1161</b>
<b>Ибатова Айгуль Куанышбаевна</b>	Роль куратора в адаптации студентов первого курса колледжа в контексте реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1165</b>
<b>Иржанова Рыскуль Касымхановна</b>	Көркем еңбек – ұлттық құндылықтың өзегі	<b>1168</b>
<b>Искакова Гульжан Сагиевна, Алпысбаева Назым Сартонкызы</b>	Мектеп оқушыларын рухани–адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбие негіздері	<b>1174</b>
<b>Исмагулова Эльвира Бахитбековна</b>	Совершенствование двигательной активности дошкольников, имеющие нарушения речи посредством введения в систему физического воспитания нейроигр	<b>1178</b>
<b>Кабылбекова Гульнара Саматовна, Картпаева Адина Армановна</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыруға болады	<b>1183</b>
<b>Кадашева Шолпан Алпысбаевна, Щербаева Кундызай Сейткалиевна</b>	Біртұтас тәрбие балабақшадан басталады	<b>1186</b>
<b>Калиаскарова Индира Мияссаровна</b>	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: балаларға ұлттық құндылықтар негізінде білім беру мәселесі	<b>1190</b>
<b>Кашелюк Татьяна Ивановна</b>	Программа «Буртутас тарбие: педагогические находки и практическое применение»	<b>1193</b>
<b>Келинбердиева Ырсалды Сиехановна</b>	Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы	<b>1196</b>
<b>Клышбаев Серик Егинбаевич</b>	Кейкі батыр – дала күресінің дара тұлғасы	<b>1201</b>
<b>Коваленко Марина Викторовна</b>	Инклюзивные практики в контексте реализации Единой программы воспитания в организациях образования	<b>1204</b>
<b>Кункабаева Сарбинас Сериковна</b>	Методы развития внутренней мотивации учебной деятельности как фактор академической успешности старшеклассников	<b>1210</b>
<b>Кусаинова Мейрамгуль Маратовна, Жакиянова Жанна Калтаевна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбиені енгізу жолдары	<b>1214</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, Жусупова Инкар Алликовна</b>	Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктерін оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі	<b>1220</b>
<b>Лекерова Любовь Маратовна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Ментальная арифметика как средство развития математической компетенции у учеников 1 класса	<b>1227</b>
<b>Майстренко Валерия Юрьевна</b>	Формирование ценностей воспитания среди детей и молодежи на уроках литературы в контексте программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1231</b>
<b>Мальцева Татьяна Александровна</b>	Практика реализации программы воспитания в образовательных организациях высшей школы	<b>1235</b>
<b>Мамырканова Мендыгуль Сартаевна</b>	Роль исторического образования в формировании гражданской идентичности	<b>1239</b>
<b>Махмутова Мархаба Даулетжановна, Молдахметова Алия Досымбековна</b>	Исследование влияния метода триз на развитие креативного мышления учащихся 7 классов на уроках искусства	<b>1243</b>
<b>Маркина Зейнеп Бакитжановна</b>	Біртұтас тәрбиені негізге ала отырып Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту	<b>1249</b>
<b>Михалькова Людмила Васильевна</b>	Формирование творческих компетенций через вокальное исполнительство у детей дошкольного возраста	<b>1253</b>
<b>Молдашова Айнагүл Баймұқанқызы, Калимжанова Роза Лаиковна</b>	Роль воспитательных программ в профилактике профессионального выгорания среди курсантов и сотрудников ОВД	<b>1256</b>
<b>Мукашева Альбина Бауржановна</b>	Интеграция ценностно –ориентированного образования в преподавание математики	<b>1262</b>
<b>Мурзабекова Келбет Бирмаганбетовна</b>	Ұлттық құндылықтарды дамыту: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	<b>1267</b>
<b>Мустафина Асель Сапарғалиевна, Абдулина Айгуль Сапарғалиевна</b>	Идеи Ыбырая Алтынсарина в реализации программы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»	<b>1270</b>
<b>Назарова Гулмира Куандыковна</b>	Тәрбие–біртұтас үдеріс	<b>1274</b>
<b>Нургазина Нургуль Отарбаевна, Тагаева Аружан Бауыржановна</b>	Білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары	<b>1278</b>
<b>Нуркина Батима Ауезхановна, Нугуманова Нургуль Куанышбековна</b>	Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі	<b>1281</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Обиух Мария Николаевна</b>	Эффективные методы реализации программы Біртұтас тәрбие в условиях современного детского сада	<b>1284</b>
<b>Осипова Бахиткуль Кайроллиевна</b>	Біртұтас тәрбие негізінде оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету	<b>1288</b>
<b>Полешко Татьяна Анатольевна, Миллер Татьяна Витальевна</b>	Интеграция традиционных национальных ценностей в современные образовательные программы	<b>1292</b>
<b>Рахимова Гизат Батыржановна</b>	Изучение биографии и творчества Ыбырая Алтынсарина как инструмент привития общечеловеческих и национальных ценностей в контексте единой программы воспитания	<b>1297</b>
<b>Редикульцева Юлия Владимировна, Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна</b>	Использование методов и приемов технологии кроссенс в развитии креативного мышления у детей старшего дошкольного возраста	<b>1301</b>
<b>Рогожина Татьяна Александровна, Ли Ляззат Абаевна</b>	Дебаты – фундамент интеллектуального развития личности	<b>1305</b>
<b>Сармурзина Алия Коныспаевна</b>	Опыт применения стратегий развития метакогнитивных навыков у старшекласников	<b>1308</b>
<b>Сикун Людмила Николаевна</b>	Чат–ассистент GRT как инструмент планирования воспитательных мероприятий для детей с ООП в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1313</b>
<b>Смирнова Анна Александровна, Земцова Наталья Анатольевна</b>	Интеграция программы «Біртұтас тәрбие» в образовательный процесс на уроках математики	<b>1317</b>
<b>Солоха Ирина Константиновна, Гавриляк Инна Михайловна</b>	Ценности воспитания как основа гармоничного развития детей в начальной школе	<b>1322</b>
<b>Тельгарина Айгуль Сарсеновна,</b>	Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования Казахстана: опыт, проблемы и решения	<b>1327</b>
<b>Тлеулина Галия Жамалетдиновна</b>	Педагогический опыт по реализации программы «Біртұтас тәрбие» в условиях дошкольной организации на занятиях музыки	<b>1330</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна</b>	Ұлттық құндылықтар және оларды оқу үдерісіне интеграциялау	<b>1335</b>
<b>Упорова Екатерина Юрьевна</b>	Проектная деятельность как действенный способ формирования социальной ответственности студентов колледжей	<b>1339</b>
<b>Усенко Галина Васильевна</b>	Практика внедрения программы «Біртұтас тәрбие» через серию интерактивных интеллектуальных игр в образовательном пространстве школы	<b>1343</b>
<b>Успанова Айнура Оразбековна, Молдахметова Гульнар Муратовна</b>	Ұлттық ойын – ұлт болашағы	<b>1346</b>
<b>Фарафонова Наталья Николаевна</b>	Воспитательная работа в дошкольной организации на основе Единой программы воспитания	<b>1350</b>
<b>Фоменко Александра Сергеевна</b>	Практические аспекты формирования готовности педагогов к инклюзивному образованию	<b>1352</b>
<b>Хамзина Күлшат Бақытжанқызы, Ерекин Айдын Муратович</b>	Мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері	<b>1356</b>
<b>Шагатаев Салмагамбет Елеубаевич, Урумбаев Куаныш Дулатович</b>	«Lesson study» на уроках физической культуры	<b>1360</b>
<b>Шамекешева Светлана Петровна, Эмомова Лилия Тимуровна</b>	Воспитательный аспект современного урока русского языка и литературы в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1365</b>
<b>Шудабаева Жанар Жумабаевна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1370</b>
<b>Юркова Светлана Владимировна</b>	Значение кюя в музыкальном воспитании дошкольника	<b>1373</b>